

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма-төрағасы,

Ректор \_\_\_\_\_

т.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2023ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

6B08210 - Малшаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы

Тіркеу нөмері	6B08200009
Білім беру саласының коды мен классификациясы	6B08 Ауылшаруашылығы мен биоресурстар
Дайындау бағытының классификациясы мен коды	6B082 Малшаруашылығы
Білім беру бағдарламасы тобы	B078 Малшаруашылығы
ББ түрі	қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ, орыс, ағылшын
ББ еңбексыйымдылығы	240 кредит
ББ айрықша ерекшеліктер	-
Серіктес- ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес- ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2023 ж.

Құрастырушылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Жылкибаев А.К	Б.ғ.к «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі	
Дошанов Д.А	«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, доктор PhD	
Дауренбеков Х.Т	«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к	
Егемкулов Н.А	«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к	
Файзуллаева Л.А	«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к	
Курманова К.Т	«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының оқытушысы, магистр	
Абсемет А.Н	АП-20-7к тобының студенті	
Дошанов Е.А	«Наурызбай» ЖК басшысы	
Досболов А.А.	«Шымкент –Күс» ЖШС басшысы	
Нормухамедов Т.А.	«Gold-bee» омарташылар қоғамының төрағасы	
Ақаев М	«Еңбекші - М» ЖШС басшысы	
Ибрайымов М	«Ыбрайым қажы»ӨК басшысы	

Білім беру бағдарламасы «Ауыл шаруашылығы, биоресурстар және ветеринария» саласы бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды,

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттама.

АК төрағасы \_\_\_\_\_ Елибаева Г.И.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды,

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттама.

ОӘК төрағасы \_\_\_\_\_ Абишева Р.Д

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттама.

## МАЗМҰНЫ

1	Бағдарлама тұжырымдамасы	4
2	БББ куәлігі	6
3	БББ түлектердің құзыреттіліктері	9
3.1	Модульдердің қалыптасатын құзыреттіліктерімен жалпы ббб бойынша оқыту нәтижелерінің арақатынасы матрицасы	11
4.	Пәндердің оқу нәтижелерін қалыптастыруға және еңбек сыйымдылығы туралы мәліметтерге әсер ету матрицасы	12
5	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кесте	48
6.	Оқыту стратегиялары мен әдістері, бақылау және бағалау	49
7	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	50
	Бекіту парағы	51
	1-қосымша. Жұмыс берушіден пікір	52
	2-қосымша. Сараптама қорытындысы	54

## 1БАҒДАРЛАМА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

<b>Университет миссиясы</b>	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеу және кәсіпкерлік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау
<b>Университет құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.</li> <li>• Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.</li> <li>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.</li> <li>• Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.</li> <li>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</li> </ul>
<b>Түлек үлгісі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту.</li> <li>• Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық.</li> <li>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.</li> <li>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әлауқатына жауапкершілік.</li> <li>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</li> </ul>
<b>БББ бірегейлігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.</li> <li>• Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.</li> </ul>
<b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шараларын қабылданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Академиялық адалдық ережелері (Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 30 қазандағы № 3 хаттамасы);</li> <li>• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Бұйрық № 373 н/қ, 27.12.2019 ж.);</li> <li>• Әдеп кодексі (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 8 хаттамасы).</li> </ul>
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li> <li>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары</li> </ol>

	<p>қызметінің үлгілік қағидалары;</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.</p>
<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру</li> <li>• Студентке бағытталған оқыту</li> <li>• Қол жетімділік</li> <li>• Инклюзивтілік</li> </ul>
<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі</li> <li>• Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту</li> <li>• Жүйелі мониторинг</li> <li>• Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)</li> </ul>
<b>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</b>	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығы</p>
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</b>	<p>Ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыртабанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусарында (басғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимылаппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орныбар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	Кең іргелі білімдерге ие, бастамашыл, еңбек нарығы мен технологиялардың өзгермелі талаптарына бейімделген мал шаруашылығы саласының жаңа буын бакалаврларын дайындау.
<b>БББ міндеттері</b>	<p>студенттердің жоғары моральдық және жеке қасиеттерін дамыту, жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, шешімдерді қабылдау кезіндегі жауапкершілік, оның ішінде кәсіби, әлеуметтік салдарын, тәуелсіздігі мен шығармашылығын ескерумен белсенділікті дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, ара шаруашылығы және балық шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы саласындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ету;</li> <li>- мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, ара шаруашылығы және балық шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы саласындағы мамандарды (қосарлы білім беру жүйесінде) оқытудың практикалық және ғылыми бағдарын қамтамасыз ету;</li> <li>- мемлекеттік, орыс және шет тілдерінің бірінде, еркін сөйлейтін жоғары дүниетанымға ие, мансапты қалыптастыруға қабілетті түлектерді қалыптастыру;</li> <li>- құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін кезең-кезеңімен жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету, оларды мамандық бойынша мүмкіндігінше тезірек жұмысқа орналастыруын немесе білім беруден кейінгі деңгейлерде жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету.</li> </ul>
<b>БББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;</li> <li>• 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-шіциклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі(The European Qualification Framework for Life long Learning).</li> </ul>
<b>БББ кәсіби саламен байланысы</b>	<p>«Құс өсіру» бойынша кәсіби стандарт. «Атамекен» «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бұйрығы.№190. 26.10.2022ж.</p> <p>«Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі)» бойынша кәсіби стандарт. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының 2019 жылғы 26 желтоқсанындағы №263 бұйрығы.</p> <p>«Сүтті бағыттағы түйе өсіру» бойынша кәсіби стандарт. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бұйрығы.№190. 26.10.2022ж.</p>
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 6B08210-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша «Ауылшаруашылығы бакалавры»

	дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік пен лауазымдар тізімі</b>	Білімберубағдарламасы бойынша «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» - бакалаврлары мынандай мамандықтарға ие болады - № 553 2020 жылдың 30 желтоқсан айынан бастап ҚР халқын әлеуеттік қорғау мен еңбек министрлігі бұйрығымен бекітілген мамандарды және басқа қызметкерлерді жетекшілердің біліктілік анықтамаларына сәйкес шаруашылық менеджері, зоотехник, бас зоотехник, бөлім басшысы, құс өсіруші-технигі, құс өсіруші технологы, зоолог, жануарлар физиологы, балықтар және басқа су жануарларын тауар түрінде өсіру немесе көбейту саласындағы маман, (малазығын өндіруші технолог), ара өсіруші, союға арналған желі операторы, агроколледждерде оқытушы болады.
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	Кәсіптік қызмет саласы – Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік мекемелері, түрлі меншік нысандарындағы мал шаруашылықтары, құс фабрикалары, ипподромдар, асыл тұқымды шаруашылықтар және асыл тұқымды зауыттар, зообақтар, ғылыми зертханалар, табиғи қорықтар, озық технологиялар мен кәсіптік – техникалық оқу ғимараттарына тарату бойынша дистрибьютерлік фирмалар
<b>Кәсіби қызметтің объектілері</b>	мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы (көбейту және асылдандыру, жануарларды өсіру және бордақылау, малазығын өндіру), мал шаруашылығы шикізатын бастапқы өңдеу, өндірілген өнімді өткізуді ұйымдастыру және экспорттау, асылдадыру және селекциялық жұмыстарын жүзеге асыру, ауылшаруашылық жануарлар, құстар, аквакультура және аралар аукциондары мен көрмелерін жүргізу.
<b>Кәсіби қызмет пәні</b>	Ауылшаруашылық жануарлар мен құстардың барлық түрлері, аң жануарлар, бал аралар, балықтың барлық түрлері; мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің және бастапқы өңдеудің технологиялық процестері; малазықтары және малазықтық қоспалары.
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	-ұйымдастырушылық-технологиялық: мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің жаңашыл технологияларын ұйымдастыру, жоспарлау, жоғары сапалы, экологиялық таза өнімдерді өндіру жүйесін басқару басқару; -зоогигиена талаптарына сәйкес жануарларды ұстауды ұйымдастыру, жемшөп өндірісін ұйымдастыру; ішкі жұқпалы және жұқпалы емес жануарлар ауруларының алдын алу шараларын қарастыру, азықтардың сапасын бағалау және ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын мөлшерлеп азықтандыру; -өндірістік- басқару: жануарларды зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алу; селекциялық-асылтұқымдандыру жұмыстары, маркетинг және мал шаруашылық өнімдерін сату; - жобалық: селекциялық және асыл тұқымдандыру жоспарларын жасау және дайындау, мал мен құс шаруашылығында құрылыстарын жобалау-сметалық

	<p>құжаттамасын әзірлеуге қатысу;  -ғылыми-зерттеу: ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың әртүрлі түрлерінің жаңа тұқымдарын жасау, жетілдіру; мал өсіру биотехнологиясы; малазығы және малазық қоспаларының құрамын зоотехникалық талдау, ауыл шаруашылық малдарына және құс етіне арналған құрама жем құрамын жасау.</p>
<p><b>Оқыту нәтижелері</b></p>	<p><b>ОН1.</b> Академиялық адалдық пен әдептілік қағидаттарын ескере отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде кәсіби ортада және қоғамда еркін қарым-қатынас жасау.</p> <p><b>ОН2.</b> Дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, ғылыми және эксперименттік зерттеу әдістерін қалыптастыру негізінде әлеуметтік-мәдени кәсіби дамуды көрсетеді.</p> <p><b>ОН3.</b> Әртүрлі мал шаруашылығы құрылымдарында ғылыми және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулерді қолдана отырып, шаруашылықтардың өндірістік қызметіне талдау және бағалау жүргізеді.</p> <p><b>ОН4.</b> Мал шаруашылығы объектілерінің биологиялық және өнімді ерекшеліктерін ескере отырып, зиготаларды трансплантациялаудың заманауи әдістерін және жануарларды өсірудің биотехникалық әдістерін қолданады.</p> <p><b>ОН5.</b> Сапа мен қауіпсіздікті бағалау негізінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеудің прогрессивті технологияларын пайдаланады, сондай-ақ зоотехникалық және санитарлық қауіпсіздік бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізеді.</p> <p><b>ОН6.</b> Жануарлардың өсуі мен даму заңдылықтарын зерттейді, селекция мен өсірудің практикалық дағдыларын, өнім өндіру технологиясын бағалауды көрсетеді.</p> <p><b>ОН7.</b> Жоғары өнімді жануарлардың асыл тұқымды дел және генофондын сақтау бойынша зоотехникалық жұмыстарды ұйымдастырады.</p> <p><b>ОН8.</b> Агробизнесті жүргізудің заманауи әдістерін пайдалана отырып, шет елдердің озық тәжірибелерін ескере отырып, фермерлік шаруашылықтар жағдайында өндірістік процестерді жоспарлайды.</p> <p><b>ОН9.</b> Өндіріс жағдайында ғылыми тәжірибелер жүргізу мақсатында зерттеудің ең жақсы әдістерін анықтау үшін ақпараттық көздерді пайдаланады.</p> <p><b>ОН10.</b> Кәсіпкерлік дағдыларын көрсете отырып, мал шаруашылығы және құс шаруашылығы саласында өнімді өндіру және өткізу бойынша бизнесті тиімді жүргізеді.</p> <p><b>ОН11.</b> Кәсіби қызметтегі біліктілік пен құзыреттілікті арттыру үшін мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша озық және ресурстарды үнемдейтін тәжірибелерді пайдаланады.</p> <p><b>ОН12.</b> Салауатты өмір салты нормаларын қолдана отырып, командада жұмыс істейді, толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін үнемі өзін-өзі жетілдіреді.</p>



### 3. ББ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

<b>ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS). Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер</b>	
ЖҚ 1. Өз сауаттылығын басқарудағы құзыреттілік	ЖҚ 1.1.Өздігінен оқу, Өзін-өзі дамыту және таңдаған траектория аясында және пән аралық жағдайда өз білімін үнемі жаңартып отыру мүмкіндігі. ЖҚ 1.2. Кәсібисалада ой, сезім, фактілер мен пікірлерді білдіру қабілеті. ЖҚ 1.3. Қазіргі әлемдегі ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.
ЖҚ 2. Тілдікқұзыреттілік	ЖҚ2.1.Мемлекеттік, орыс және шеттілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру қабілеті. ЖҚ2.2.Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық Әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас мүмкіндігі.
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілік және ғылым саласындағы құзыреттілік	ЖҚ3.1.Кәсіптік есептерді шешу үшін ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу кезінде алынған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдану қабілеті мен дайындығы.
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	ЖҚ4.1.Өзінің өмірі мен кәсіби қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты көрсету және дамыту қабілеті. ЖҚ4. 2.Әр түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндігі: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтер.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреті	ЖҚ 5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдарының көмегімен толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін денешынықтыруды өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті. ЖҚ 5.2. Азаматтық және адамгершілік көріністеріне негізделген әлеуметтік-мәдени даму қабілеті. ЖҚ 5.3 Өзін-өзідамыту, мансаптық өсу және кәсіби жетістік үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндігі. ЖҚ 5.4. Оқу, жұмыста, үйде және бос уақытта әртүрлі әлеуметтік-мәдени контексте сәтті өзара әрекеттесу мүмкіндігі.
ЖҚ 6. Кәсіпкерлікқұзыреті	ЖҚ6. 1.Әр түрлі ортада шығармашылық және кәсіпкерлік таныту мүмкіндігі. ЖҚ6. 2.Белгісіздік режимінде жұмыс істеу және тапсырма шарттарын тез өзгерту, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және уақытты басқару мүмкіндігі. ЖҚ6. 3.Тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.
ЖҚ 7. Мәдени сана және өзін-өзі көрсету қабілеті	ЖҚ7. 1.Дүниетанымдық, азаматтық және моральдық ұстанымдарды көрсету қабілеті. ЖҚ7. 2.Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен

	мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
<b>КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS).</b>	
Осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен іскерліктер	КҚ1- мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен бастапқы өңдеудің оңтайлы технологиясын әзірлеу қабілеті: азықтандыру рационын құру, малазықтары мен малазықтық жерлерді тиімді пайдалану, малазығын дайындау мен сақтаудың әртүрлі әдістерін меңгеру, жануарлар мен құстардың биологиялық және шаруашылық ерекшеліктерін ескерумен, экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін мал мен құстарды күтіп-бағу жүйелері мен тәсілдерін білу;
	КҚ2- малдардың тиімді өсімін молайтуды қамтамасыз ету, селекция, генетика, мал тұқымын асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру ерекшеліктерін білу, ауыл шаруашылығы малдарының өсімін молайтудың әдістерін меңгеру, ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының асыл тұқымдық және өнімді сапасын бағалаудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығындағы асыл тұқымдандыру жұмыстың кешенді жоспарын әзірлеу;
	КҚ3 – технологиялық процестерді басқару нысандары ретінде талдау және жоспарлау қабілеті, өндірістің қазіргі жағдайы, оның алдында тұрған міндеттер мен оларды ғылыми-практикалық шешу әдістері, өндірістік қызметтің мақсаты мен міндеттерін анықтау, оларды шешу әдістерін таңдау, жүзеге асыруды жоспарлау және ұйымдастыру, мал шаруашылығының экологиялық қауіпсіз өнімдерін өндірудің ресурс үнемдеуші технологияларын білу;
	КҚ4- орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру қабілеті, әртүрлі пікірлер жағдайында басқарушылық шешімдерді қабылдау, мал шаруашылығы технологиялары мен жануарлардың қазіргі заманғы гендік қорын кешенді бағалау және тиімді пайдалану әдістерін меңгеру;
	КҚ5 – әртүрлі мал түрлерінің өнімділігінің есебін жүргізу, сала кәсіпорындарының құрылымдық бөлімшесінің есеп алу-есеп беру құжаттамасын ресімдеу, АТЖ бойынша есеп принциптерін, әртүрлі мал түрлері өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткішін анықтау әдістемесін білу, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасына қойылатын талаптарды және оны арттыру жолдарын білу, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің гигиеналық талаптары мен нормативтерін білу;
	КҚ6 – мал шаруашылығы саласындағы қазіргі заманғы зерттеу әдістерін қолдану, ғылыми зерттеу нәтижелерін жинау, талдау және интерпретациялау тәсілдерін меңгеру, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдаланумен, мал шаруашылығының ғылым жетістіктері мен озық тәжірибесін өндіріске енгізу;

**3.1 Модульдердің қалыптасатын құзыреттіліктерімен жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің арақатынасы матрицасы**

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ЖҚ1	+				+	+			+	+		
ЖҚ2	+								+	+		+
ЖҚ3		+	+			+				+	+	
ЖҚ4			+	+	+		+					
ЖҚ5				+	+	+	+	+	+	+		
ЖҚ6		+						+	+		+	+
ЖҚ7								+	+		+	
КҚ1					+	+		+		+		
КҚ2				+		+				+		
КҚ3					+				+	+		+
КҚ4		+				+	+	+				
КҚ5		+						+	+			
КҚ6					+			+	+		+	+

**4 ПӘНДЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ЕҢБЕК СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ  
ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРГЕ ӘСЕР ЕТУ МАТРИЦАСЫ**

№	Модуль атауы	цикл	Компонент атауы	Пәннің атауы	Пәннің мақсаты мен қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын ОН (кодтары)													
							PO1	PO2	PO3	PO4	PO5	PO6	PO7	PO8	PO9	PO10	PO11	PO12		
1	Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖБП	МК	Қазақстан тарихы	<b>Мақсаты:</b> Пәннің мақсаты - Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беру. <b>Мазмұны:</b> Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.	5	v	v												
2		ЖБП	МК	Философия	<b>Мақсаты:</b> Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершілікті өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру. <b>Мазмұны:</b> Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика.	5	v	v												

					Кұндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.															
3	Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	<p><b>Мақсаты:</b> Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру мақсаты, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары. Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.</p>	4	v	v												
4		ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	<p><b>Мақсаты:</b> тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ.</p>	4		v												v

					Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері.														
5	Әлеуметті к-этникалық даму	ЖБП	ЖК	Экожүйе және құқық	<p><b>Мақсаты:</b> Экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану.</p>	5	v												v

6		БП	ТК	Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері	<p><b>Мақсаты:</b> патша және кеңестік билік кезінде дағдарысқа ұшыраған руханиятымызды қалпына келтіріп, Тәуелсіз Ұлы Дала елінің рухани жаңғыруын жастар санасына сіңіру арқылы креативті тұлға қалыптастыру болып табылады.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Рухани жаңғыру: бастаулары мен алғышарттары. Қазіргі ұлттық сана. Прагматизм мен бәсекелік қабілет. Ұлттық бірегейлік және ұлттық код. Эволюциялық даму тәжірибесі мен келешегі. Білімінің салтанаты және сананың ашықтығы. Әліпби реформасы: тәжірибе мен басымдықтары. Туған жер-мемлекет негізі. Жалпыұлттық қасиетті орындар және тарихпен тәрбиелеу. Заманауи Қазақстандық мәдениет – рухани жаңғырудың тірегі. Жаңа гуманитарлық білім және болашақ ұлт зиялысы. Абай Құнанбайұлы және қазақ қоғамы.</p>	3	v	v										v
7		БП	ТК	Абайтану	<p><b>Мақсаты:</b> А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлттық кодты» сақтау мен дәріптеу</p> <p><b>Мазмұны:</b> XIX-XXғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы XX-XXI ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан XXI ғасырда»</p>	v	v											

8					маңыздылығы.														
	БП	ТК	Мұхтартану	<p><b>Мақсаты:</b> М.Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту.</p> <p><b>Мазмұны.</b> М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау.</p>	v	v													
9																			
	БП	ТК	Қоғамға қызмет ету	<p><b>Мақсаты:</b> университетте оқытылатын пәндермен байланысты қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыру, академиялық бағдарламаларды игеру негізінде студенттерде әлеуметтік маңызды дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны.</b> Service Learning ұғымының мәні мен мазмұны, Service Learning тұжырымдамасының қалыптасу және даму тарихы. Service Learning-тің негізгі құрамдас бөліктері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер, әлемдік және қазақстандық тәжірибеде волонтерлік қозғалысты ұйымдастыру, Service Learning тің профильдік бағыты. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер арқылы оқытудың халықаралық тәжірибесі. Әлеуметтік жобаларды әзірлеудің жалпы принциптері мен әдістемесі. Іске асырылған әлеуметтік жобаларды талдау әдістері.</p>	v	v													



10		БП	ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	<p><b>Мақсаты:</b> сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтықмәдениетінің негіздерін қалыптастыру.Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру.Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату.Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет.</p>		v	v										
<b>Біліктілік шеңберінен шығатын қосымша модульдер</b>																		
11	Коммуникация және дене мәдениеті модулі	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	<p><b>Мақсаты:</b> қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p><b>Мазмұны:</b> А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі ) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар</p>	10	v	v										

					бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.																
12		ЖБП	МК	Шетел тілі	<p><b>Мақсаты</b> – А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді..</p> <p><b>Мазмұны:</b> А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>	10	v													v	
13		ЖБП	МК	Дене шынықтыру	<p><b>Мақсаты:</b> кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стрессстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру.</p>	8	v														

				Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А. Стрельникова, к. Бутейко, к. Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика.															
14		БП	ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	<b>Мақсаты:</b> кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын игерген маманға кәсіби бағдарланған тілдік дайындықты қамтамасыз ету. <b>Мазмұны:</b> Кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді талдау және өндіру бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері.	3	v	v											
15		БП	ЖК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	<b>Мақсаты:</b> шетелдік коммуникативті құзыреттілікті одан әрі дамыту (сөйлеу, тілдік, әлеуметтік - мәдени, компенсиялық, білім беру және танымдық құзыреттер); сөйлеу және сөйлеуге жат мінез - құлықты құқықтық ерекшеліктерге сәйкес қалыптастыру дағдыларын жетілдіру; оқылған мәтін бойынша түйіндеме құрастыру дағдыларын қалыптастыру; <b>Мазмұны:</b> Мәтіннен қажетті ақпаратты алу, оны оқу және кәсіби қарым-қатынаста түсіндіру дағдыларын дамыту. Кәсіби деңгейде байланыс орнату, қарым-қатынастың мақсаты мен жағдайына	3	v	v											

					негізделген коммуникацияларды сауатты құру қабілетін дамыту. Кәсіби қарым-қатынас саласында шет тілінде сөйлеу әрекетінің бағдарламасын құру барысында шығармашылыққа, жаңашылдыққа, алқалылыққа баулу.														
16		ЖБП	МК	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	<p><b>Мақсаты:</b> ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жана "сандық" ойлау.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.</p>	5	v												
<b>Пәнаралық модульдер ЖОО компоненті / Таңдау компоненті</b>																			
17	Жаратылыстану-биологиялық ғылымдарының негіздері	БП	ТК	Ауыл шаруашылығы жануарлар биохимиясы	<p><b>Мақсаты:</b> жануарлар ағзасының химиялық құрамы туралы білімді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Жануарлар ағзасында болып жатқан биохимиялық процестерді, сыртқы ортамен өзара әрекеттесудегі функциялардың заңдылықтарын, жануарларды ұстау технологияларын білу және түсіну, организмде болып жатқан метаболикалық процестерді реттеу әдістерін білу. Жануарлар ағзалары мен тіндерінің негізін құрайтын биологиялық белсенді</p>	5	v	v											

18				қосылыстардың құрылымы мен қасиеттері туралы ғылыми түсініктерге ықпал етеді; организмге енетін және қалыпты жануарлар ағзасының мүшелері мен тіндерінің құрамына кіретін биологиялық белсенді қосылыстардың химиялық өзгерістерінің күрделі процестері мен реакциялары шарттары.														
	БП	ТК	Иммунология	<b>Мақсаты:</b> қалыпты және патологиялық жағдайларда иммундық жүйе қызметінің жалпы заңдылықтарын, нақты аурулардың пайда болуында, дамуында және оны емдеуде иммундық жүйенің атқаратын рөлін анықтау, диагноз қою, емдеу және алдын ала сақтану үшін Иммунологиялық тәсілдерді қолдану және оларды жетілдіру. <b>Мазмұны:</b> жануарлар мен құстардың иммунитеті жүйесінің иммунологиясы мен органо-тіндік құрылымын, иммунокомпетентті жасушалар мен олардың рецепторларын білу және түсіну; ағзадағы және жасушалық деңгейлердегі иммундық процестерді реттеу механизмі туралы. Антигендер мен антиденелер туралы Т-және В-лимфоциттердің антиген тану рецепторларын қалыптастыру ерекшеліктері, организмнің иммундық тәуелді патологиялық жай-күйі туралы түсініктері бар иммундық мәртебені бағалаудың әдістемелік негіздері туралы білім.		v	v											
19	БП	ЖК	Мал шаруашылығы микробиологиясы	<b>Мақсаты:</b> студенттерге жалпы микробиология, сапрофитті және зардапты микроорганизмдердің түрлі топтарымен танысу, олардың морфологиясы, жіктелуі мен физиологиясы, қоршаған орта факторларының микроорганизмдерге әсері табиғаттағы заттар айналымындағы, өндірістік процесстердегі, сау жануарлардың және олардың патологиясы кезіндегі микроорганизмдердің ролі туралы оқыту.	5	v	v	v										

20				<p><b>Мазмұны:</b> Микроорганизмдердің табиғаттағы рөлін, олардың морфологиясын, физиологиясын, биохимиясын, жіктелуін, микроорганизмдердің пайдалы қасиеттерін ауылшаруашылық өндірісінде практикалық қолдануды, микроорганизмдердің өмірлік белсенділігіне әсер ететін сыртқы факторларды, мал жемдерін ас қорытудағы микробиологиялық процестерді, Жем дайындаудың технологиялық процесінде зерттеу әдістерін меңгеру., сүт, сүт өнімдері, ет және былғары шикізаты микробиологиясы.</p>															
	БП	ТК	Жануарлар әлемінің систематикасы	<p><b>Мақсаты:</b> жануарлардың систематикасын зерттеп үйренеді.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Омыртқалы және омыртқасыз организмдердің жіктелуін және паразиттік формалардың еркін өмір сүруден протозоға дейінгі жалпы сипаттамаларын білу. Бір клеткалы организмдердің ерекшеліктері мен құрылымын, олардың эмбриональды дамуын, сондай-ақ көп жасушалы ерекше құрылымдарды білу. Студенттерде жануарлар әлемінің жалпы систематикасы; біржасушалы және көпжасушалы организмдердің шығу тегі мен маңызы; олардың класы, тәртібі және тұқымдастары бойынша сипаттамасы бойынша білім кешені қалыптасады, бұл ретте сүтқоректілердің систематикасы туралы толық білім мен түсінік пайда болады.</p>	5	v													v
21	БП	ТК	Зоотехния негіздері	<p><b>Мақсаты:</b> Студенттерді мал шаруашылығы мамандарының басшылық жұмысының теориялық және практикалық дағдыларына дайындау. Жалпы зоотехника бойынша білім беру, оның ішінде: асылдандыру, азықтандыру мәселелері, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы</p> <p><b>Мазмұны:</b> Мал шаруашылығы өнімдерін күтіп-ұстау, күту және азықтандыру, сондай-ақ өсіру, өсімін молайту және өндіру бойынша ұйымдастыру-технологиялық</p>		v			v										v

22				жұмыстарды орындау білімі мен іскерлігі. Негізгі тұқымдарды ажырату олардың өнімділігі; жануарлардың физиологиясын білу, жануарларды шығу тегі, Конституциясы, сыртқы және ішкі көрінісі, олардың өнімділігі мен ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау. Селекциялық іріктеу және іріктеу бойынша жұмыстар жүргізу, олардың сапасын бағалай отырып, жемшөптің әртүрлі түрлерін іріктеу; аурулар мен жағдайлардан қорғау іс-шараларының кешенін жүргізу; жануарлардың қажетті тұқымдарын олардың өнімділік бағыттары бойынша өсіре білу; асылдандыру мен азықтандырудың озық инженерлік технологияларын пайдалану.															
	БП	ТК	Ауыл шаруашылығы жануарлар морфологиясы	<p><b>Мақсаты:</b> макроскопиялық және микроскопиялық құрылымды, топографияны, мүшелер мен мүшелер жүйелерінің фило-, онтогенетикалық дамуын игеру, мүшелер мен жүйелердің жұмыс істеуінің морфологиялық негізін, әртүрлі типтегі, жыныстағы және жастағы жануарлардағы мүшелер құрылымының ерекшеліктерін зерттеу</p> <p><b>Мазмұны:</b> Курсты меңгеру студенттерге жануарлар әлемінің морфологиясы, биологиядағы пәннің рөлі туралы білім береді, жалпы цитология, жануарлардың гистологиясы мен патологиясы туралы білімді, морфология бойынша зертханалық зерттеулерді жүргізу және қою дағдыларын, жасушалардың дамуы мен құрылымының негіздерін зерделеуді, А.Левенгук пен Л. Пастердің жаңалықтарын білуге, олардың маңыздылығын түсінуге және мал шаруашылығы саласында практикалық қолдануға үйретеді. Курсты оқу барысында эукариоттардың, прокариоттардың биологиялық маңыздылығын және вирустардың сипаттамасын білу, микроорганизмдерді зерттеудің зертханалық</p>	4	v													v

23				әдістерін меңгеру.														
	БП	ТК	Мал шаруашылығы негіздері	<p><b>Мақсаты:</b> жалпы зоотехника, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы бойынша теориялық және практикалық білім беру, ауыл шаруашылығы жануарларының биологиялық ерекшеліктерін, мал шаруашылығының негіздерін білу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> ауылшаруашылық жануарлар ағзасы құрылымының түрлік ерекшеліктері; қоршаған орта жағдайларының әсерін, күтіп-бағу, азықтандыру және пайдалану технологияларын ескере отырып, эмбриональды дамудың негізгі заңдылықтары, а/ш жануарлар организмінің физиологиялық процестері мен функциялары; физиологиялық тұрақтылар, мал шаруашылығын механикаландыру құралдарына қойылатын зоотехникалық талаптар; мал шаруашылығы кешендеріндегі негізгі өндірістік процестерді механикаландыру; шығу тегі мен эволюциясы, тұқымның пайда болуы, өсіру және селекция әдістері; Конституция, онтогенез және жануарлардың өнімділігін бағалау әдістері; жануарлардың асыл тұқымды және өнімді қасиеттері, оларды бағалау әдістерін меңгеру.</p>		v												v
24	БП	ТК	Ауыл шаруашылығы жануарлар физиологиясы	<p><b>Мақсаты:</b> студенттерді әртүрлі құрылымдық деңгейдегі тіршілік процестерінің заңдылықтары және жеке мүшелер қызметінің маңызымен таныстыру; организм мен сыртқы орта араларындағы өзара әсерлердің механизмімен таныстыру; болашақ мамандықты игеруге қажет білім жинақтауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Ауыл шаруашылығы жануарларының, құстардың, балықтардың және т.б. морфофизиологиялық ерекшеліктерін білу және түсіну; жануарлар</p>	4	v												v



25				мен сүтқоректілердің анатомиясы мен физиологиясы, реттеудің гомеостатикалық механизмі саласындағы теориялық білімді игеру. Қоршаған ортаның өзгеретін жағдайларына, сондай-ақ мінез-құлық реакцияларына және өнімділікке бейімделу қабілеттерін білу.														
	БП	ТК	Жануарлар филогенезі	<b>Мақсаты:</b> филогенез және онтогенез барысындағы физиологиялық құрылым мен қызметтерінің даму заңдылығы жайындағы білім жүйесін қалыптастыру. <b>Мазмұны:</b> Жануарлардың филогенезі туралы ғылымның дамуын білу. Нерв жүйесі эволюциясының элементтері. Ағзаның өмірлік қызметтерін реттеу. Эволюция процесінде реттеуші механизмдерді жетілдіру. Реттеу гуморальды механизмдерінің сипаттамасы. Гормоналды реттеуші механизмдер эволюциясының негізгі ерекшеліктері. Ішкі секреция бездерінің қызметтерін зерттеу әдістерін меңгеру. Ағзаның ішкі ортасының эволюциясы. Ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын қолдаудың негізгі механизмдері. Гомеостаз туралы түсінік.		v												v
26	БП	ТК	Мамандыққа кіріспе	<b>Мақсаты:</b> студенттерді «Мамандыққа кіріспе» пәні бойынша басшы жұмыстағы мал шаруашылығы маманы ретінде, теориялық және тәжірибелік білім алуға дайындау. Тыңдаушыға жалпы зоотехния білімін және оның ішінде: мал өсіру, азықтандыру және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясын үйрету. <b>Мазмұны:</b> Мал шаруашылығының даму тарихын және қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін білу, Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы саласындағы негізгі дағдылар, үздік отандық және шетелдік өндірістердің тәжірибесінде мал шаруашылығы салаларындағы озық технологияларды зерделеу. Зоотехникалық ғылымды дамытудың қазіргі заманғы	4						v							

27				үрдістерін, бағыттары мен заңдылықтарын қалыптастыру; селекция және асыл тұқымды істің негіздерін зерделеу, жоғары өнімді табынның өсімін молайтудың биотехникалық тәсілдерін және мал шаруашылығы саласында өндірілетін өнімнің талдауы мен сапасын бағалау әдістерін меңгеру.																	
	БП	ТК	Академиялық жазу негіздері	<b>Мақсаты:</b> қазақ тілі нормаларын, ресми қарым - қатынастың қызмет етуші аясын қарастыру. Ауызекі -әдеби, іскери, ресми ұғымдар ара-қатынасын ажырату. <b>Мазмұны:</b> Пән қоғамдық сана мен тұтастық, жеке тұлғаға әлеуметтанулық көзқараста өзін-өзі дамытатын әлеуметтік-мәдени жүйе, әлеуметтік мінез-құлықты реттеудің заңдылықтары мен формалары бойынша ғылыми білімді зерттейді. Тілдік құзыреттілікті және академиялық жазу негіздерін меңгеруді, мәтінді жазу мен түсінуді зерттейді.		v	v													v	
28			Оқу практикасы	<b>Мақсаты:</b> Практикалық жұмысты зерделеу негізінде мал шаруашылығы саласындағы теориялық білімді жалпылау және тереңдету. <b>Мазмұны:</b> Мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, омарта шаруашылығы және балық шаруашылықтарының ұйымдық құрылымы мен экономикасымен, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясымен танысу.	1															v	v
<b>Мамандық пәндер циклі</b>																					
29	Қосалқы мал шаруашылығы	БП	ТК	Терісі бағалы аң шаруашылығы	<b>Мақсаты:</b> болашақ мамандарға әр түрлі терісі бағалы аңдардың шикізаттарын дайындау, олардың жіктелуі, тері, мех терілерінің құрылымы, тауарлық қасиеттері аңның жеке басына, биологиялық ерекшелігіне, өзгергіштігіне, жыл маусымына, жынысына, жасына, азықтандыруына, күтіп-сақтауына, алғашқы	4													v	v	

30				<p>өңдеу технологиясына және олардың сапасының өңдеу мекемелеріне жеткізілуіне дейінгі күтіп-сақталуына байланысты екендігі туралы ұғым беру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Аң шаруашылығы объектілерін, аңдардың тұқымын, терісі бағалы аңдар терілерінің ақауларын білу және түсіну, аң өсірудегі асыл тұқымдық жұмыс, аңдарды өсіру әдістері, аң өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру; терісі бағалы аңдарды азықтандыру ерекшеліктері, жеке аң шаруашылығының ерекшеліктері, терісі бағалы аңдардың жартылай фабрикаттары қасиеттерінің сипаттамасы, терісі бағалы аң шикізатын буып-түю, сақтау, таңбалау.</p>														
	БП	ТК	Қоян шаруашылығы	<p><b>Мақсаты:</b> үй қояндарын өсіру технологиясын меңгеру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Қояндарды өсіру мен селекциялаудың негізгі әдістерін білу және түсіну, бағалау, іріктеу және іріктеу принциптері, тұқым қалыптастырудың теориялық негіздері, селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты ұйымдастыру принциптері, қояндарды азықтандырудың өнімділік сапаларын және ерекшеліктерін бағалау, қояндардың барлық тұқымдарын және олардың өнімді бағыттарын, әсіресе Үлбір жартылай фабрикаттары үшін білу, ұйымдастыру және дамыту бойынша дағдыларды игеру, әртүрлі шаруашылық құрылымдарын қоян өсіру; үлбір шикізатын өңдеу, буып-түю, сақтау және таңбалау технологиясы.</p>								v						v
31	КП	ТК	Ара шаруашылығы	<p><b>Мақсаты:</b> ара шаруашылығының халық шаруашылығына қажетті тікелей омарталардан алынған бірқатар құнды өнімдермен (ара балы, балауыз, ара желімі, тозаң, аналық ара сүті және ара уы) танысып, зерттеу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> ара шаруашылығының тарихын білу. Ара шаруашылығының қазіргі жағдайы. Қазақстандағы ара</p>	4					v		v						v

32				шаруашылығының болашағы. Ара тұқымдастарының биологиясы. Аралардың қорытылуы. Аралардың тынысы. Аралардың қан айналымы. Араларды тамақтандыру. Бал араларындағы аурулар мен зиянкестерді анықтаңыз. Ауылшаруашылық дақылдарының тозаңдануын ұйымдастыру және ара тозаңдануының тиімділігін бағалау дағдылары Аралардың сыртқы және ішкі құрылымының өзіндік ерекшеліктері.															
	КП	ТК	Бал және ара шаруашылығы өнімдерінің технологиясы	<b>Мақсаты:</b> студенттерге ара өнімдерінің (балауыз, бал, ара сүтшесі, тозаң, , ара уы), олардың химиялық құрамы, физикалық қасиеттері, алу, өңдеу, сақтау және пайдалану әдістері туралы білім беру. Тауартану ғылымының негіздерін және ара шаруашылығы өнімдерін стандарттауды көрсету. <b>Мазмұны:</b> Ара балын өндіру және қайта өңдеу, ара шаруашылығының негіздері, балшырындарды дайындау және балға айналдыру процестері, пісу мерзімі және химиялық құрамы, тағамдық қасиеттері, сорттары, сақтау және бал сапасын бағалауды талдау әдістері туралы білім. Балауыз шикізатын өңдеу және оны алу, сондай-ақ қолдану процестері туралы дағдыларды дамытады: тозаң, сүт, прополис және Ара уы; бал сорттарын алу, сақтау және сапалы ажырату; өнімнің ылғалдылық көрсеткіштері, жалғандығы және табиғилығы; балауыз шикізатын және жасанды балауызды өңдеу әдістері.						v		v						v	
33			Өндірістік практика I	<b>Мақсаты:</b> Жануарлардың, құстардың, аралармен балықтардың тұқымдарымен қоростарымен практикалықтануы. <b>Мазмұны:</b> Әр түрлі ауылшаруашылық құстарының, бал ара мен балықтардың экстерьерін, интерьерін бағалау дағдыларын меңгеру; құстарды, бал ара мен балықтарды азықтандыру, өсіру және күтіп-ұстау дағдысын меңгеру; құстардың, бал ара мен	3													v	v

34				балықтардың тұқымдары және қоныстарымен тәжірибелік танысу.															
	БП	ЖК	Ауылшаруашылық малдарын азықтандыру I	<p><b>Мақсаты:</b>Болашақ мамандарға ауыл шаруашылығы жануарларын олардың денсаулығын сақтауға және өнімділігін арттыруға бағытталған азықтандыруды дұрыс ұйымдастыру шарттарын үйрету, ол үшін жемшөптің химиялық құрамымен және олардың тағамдық құрамы мен сапасын бағалау әдістерімен; жемшөптің жіктелуімен, оларды дайындау және желкекпен қоректендіру тәсілдерімен; жануарларды нормаланған азықтандыру негіздерімен таныстыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b>Азықтың қоректенуін бағалау жүйесін білу және түсіну, жануарлардың энергияға, қоректік және биологиялық белсенді заттарға қажеттілігін зерттеу, азықтандыру нормасын өз бетінше құра білу және жануарларды суару және ұстау техникасын таңдау. Жемшөп, жемшөп қоспалары мен премикстердің химиялық құрамы мен қоректілігін бағалау әдістерін білу; жануарларды теңдестірілген азықтандырудың ғылыми негіздерін білу.</p>	4													v	
35	БП	ЖК	Ауылшаруашылық малдарын азықтандыру II	<p><b>Мақсаты:</b>Болашақ мамандарға мал азықтандырудың ғылыми негіздері, әртүрлі азықтардың жіктелуі, олардың қоректілігі, пайдалану жолдары, ауылшаруашылық малдарының түріне, жынысына, жасына байланысты қоректік заттарға қажеттілігін анықтап, нормалап азықтандыру бойынша білім беру болып табылады.</p> <p><b>Мазмұны:</b>Азықтың қажеттілігін, қоректілігін және энергия сыйымдылығын анықтау негіздерін білу. Жануарларды қорада ұстау жағдайында азықтандырудың техникасы мен технологиясын ескере отырып, пайдаланылатын азықтарды бағалау әдістерін білу және үлгілік рациондарды әзірлеу.</p>	4														v

36				Жылқыларды, бұқашықтарды, қошқарларды және бройлер бағытындағы құстарды бордақылауға арналған қажеттілік есебін жүргізе білу. Заманауи түйіршіктелген азықтарды, брикеттерді, азықтық қоспалар мен дәрумендерді өндіру және дайындау технологиясы бойынша білімді дамыту, құрама азықтарды, БВМК, ВК, МК және премикстерді пайдаланудың арнайы нормалары мен рациондарын жасау бойынша білімді дамыту.														
	КП	ТК	Мал азығын дайындаудың жетілдірілген технологиясы	<b>Мақсаты:</b> студенттерге егістік мал азықтық жерлері жақсарту арқылы қорларды тиімді пайдаланып, мал азығының қорын жасау. <b>Мазмұны:</b> Жем-шөп өндірудің, жем-шөп дайындаудың және азықтандырудың жаңа технологияларын білу және түсіну. Азықтарды дайындау және оларды жануарларды азықтандыруға дайындау технологиясын меңгеру; сүт өнімділігі бағытындағы жануарларға арналған арнайы азықтарды дайындау бойынша компьютерлік бағдарламаларды білу. Күніне, айына, маусымына және жылына жануарлардың жемге деген қажеттілік деңгейін жоспарлау мүмкіндігі.	6									v				
37	КП	ТК	Мал азығын өндірудің агрономиялық негіздері	<b>Мақсаты:</b> жайылымдық, шабындық және егістік мал азықтық дақылдарының гибридтерін, сорттарын, негізгі түрлерін таңдау мүмкіндіктерін және олардың азық шаруашылығында алынған өзіндік құнын жою жолында және нақты топырақ қыртысты-климат жағдайларын өңдеу технологиясын бағалау. <b>Мазмұны:</b> Өсімдік ботаникасының негіздерін және шабындық және жайылымдық жерлердің құрамдас элементтерін білу, шалғындық және далалық жемшөп өндірісі мәселелерін зерттеу, жемшөп дақылдарының ауыспалы егістерін құру және мәдени жайылымдар										v	v			

38				мен шабындықтарды ұтымды пайдалану туралы білім. Әр түрлі жем құралдарын тиімді пайдалану дағдылары, ірі Жемге, жануарлардың әртүрлі түрлеріне және олардың өнімділік бағыттары бойынша қажеттілік рационын құра білу. Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы өнімдерін өндіру барысында пайдаланылатын азықтарды, олардың экономикалық тиімділігін есептеуді жүргізу.													
	БП	ТК	Мал шаруашылығын автоматтандыру және механикаландыру	<b>Мақсаты:</b> мал шаруашылығының өнімдерін өндіру және қайта өңдеу технологияларын; мал және құс шаруашылығындағы техниканың құрылысын, пайдаланылуын және жұмыс жасау принциптерін, машиналардың жүйелері мен оларды тиімді пайдалану әдісін; өндіру және өңдеу технологиялық процестерді жобалауды, машиналар теориясының негіздері мен оларды есептеуді оқып үйрену. <b>Мазмұны:</b> Ірі мал шаруашылығы кешендерінде жем дайындау, мөлшерлеу және араластыру технологиялық процестерін механикаландырудың негізгі элементтерін білу, олардың жұмыс принципін меңгеру, фермалардың ішінде жем таратуға арналған машина жабдықтарымен жұмыс істей білу және басқара білу, жайылымдарды суару және суару механикаландыру. Микроклиматты қамтамасыз етудің технологиялық процестерін, сиырларды саууды механикаландыруды, қойларды қыркуды және көнді жинауды білу..	4					v		v					
39	БП	ТК	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін машиналар және аппараттар	<b>Мақсаты:</b> мал өнімдерін қайта өңдеу орындарында өнімді ұқсату технологиясына қарай пайдаланылатын машиналар мен аппараттарды тиімді пайдалану қағидаларын ұстай отырып, машиналар мен аппараттардың жұмыс жасау әдісінде өнімді өндірудің зиянсыздық жағдайын ескеру арқылы шешу жолдарын зерттеу.					v		v						

				<p><b>Мазмұны:</b> Машиналарды, механизмдерді және аппараттарды, сондай-ақ мал шаруашылығында ет және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша технологиялық жабдықтарды білу. Дайын шикізатты тасымалдау және сақтау бойынша машина құралдары мен жабдықтарды басқара білу, Ет, сүт және басқа да ет-сүт өнімдерін таратуға, буып-түюге және өлшеп-орауға арналған барлық машиналар мен жабдықтардың жұмысын басқара білу. Құс фабрикаларының машиналары мен аппараттарында зерттеу және жұмыс істей білу, олардың жұмыс істеу принципі мен қызмет көрсету техникасын білу, технологиялық аппараттармен және малды желілік сою жабдықтарымен меңгеру</p>														
40	КП	ТК	Мал тектес шикізатын алғашқы өңдеу технологиясы	<p><b>Мақсаты:</b> мал тектес шикізатын алғашқы өңдеу технологиясын білу және үйрену.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Мал шикізатын бастапқы өңдеу технологиясын, әр түрлі жануарларды сою технологиясының негізгі әдістерін білу және түсіну; ұшаның сапасын, еттің түрлік тиістілігін анықтау. Түрлі жануарлардың ұшаларын бақылау союына және сұрыптап кесуге қойылатын талаптарды бағалай білу; қосымша өнімдер мен техникалық шикізатты қайта өңдеуді жүргізу; бал ара шаруашылығы мен балық шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу технологиясы.</p>	6				v									
41	КП	ТК	Қаракөл шаруашылығы	<p><b>Мақсаты:</b> қаракөл қой тұқымының шығу тегін, өнімділігі және биологиялық ерекшеліктері қаракөл қозыларының елтірісінің бұйра ерекшеліктерін, олардың сапасы, әртүрлі түстері мен елтірілік типтерін біртекті және әртекті жұптастыру тәсілдерін студенттерге түсіндіру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Қаракөл қойларының өнімді және биологиялық ерекшеліктерін білу; сатылатын Қаракөл сапасын олардың типтері, пішіні және бұйраларының өлшемдері бойынша сыныптай білу; Түрлі</p>					v									



42				түсті және түрлі түсті қаракөл қойларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізу дағдыларын үйрету. Жаңа туған Қаракөл қозыларын бағалауды жүргізу, жануарларды іріктеу мен іріктеудің теориялық дағдыларын бекіту білігі. Қаракөл елтірісі, қаракөл елтірісі, сычуга, жүн және қой еті өнімдерін өндіру технологиясы мен қайта өңдеу процесін білу.													
	БП	ТК	Мал шикізатының тауартануы және сараптамасы	<b>Мақсаты:</b> болашақ мамандарға әр түрлі мал өнімдерінен өндірістік шикізаттарын дайындауды және білуді үйрену. <b>Мазмұны:</b> Жануарлар шикізатының әртүрлі түрлерін дайындау, жүн, былғары, үлбір және қой терісі шикізатының жіктелуі, құрылымы туралы Білім және негізгі ұғымдар. Шикізаттың тауарлық қасиеттерінің айырмашылығын және жыл мезгілінің жеке және биологиялық өзгергіштігіне тәуелділігін, жануарларды ұстау, азықтандыру жағдайларын, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарына жеткізілгенге дейін Жануарлар шикізатын сақтаудың бастапқы технологиясы мен жағдайларын білу.	5				v								
43	БП	ТК	Малдың қосымша түрлерінің шикізаты және тауартануы	<b>Мақсаты:</b> студенттерге жануарлар шикізаттарының қосымша түрлерін қабылдау мен жеткізуден технологиялық процестерді басқарудағы теориялық және практикалық дағдыларын қалыптастыру. <b>Мазмұны:</b> Жануарлар шикізатының қосымша түрлері ассортиментінің негізгі қасиеттері мен көрсеткіштерін; жануарлардан алынатын шикізаттың қосымша түрлерін сәйкестендіру көрсеткіштерін; жануарлардан алынатын шикізаттың қосымша түрлерінің сапасын, таңбалануын, қаптамасын, тасымалдануы мен сақталуын айқындайтын нормативтік құжаттарды; тауар қозғалысының барлық кезеңдерінде тауарлық сараптаманы, сәйкестікті растауды және қосымша шикізат					v								

44				түрлерінің бағалау қызметінің басқа да түрлерін ұйымдастыру және жүргізу тәртібін білу.														
			Өндірістік практика II	<b>Мақсаты:</b> студенттерге жануарлар шикізаттарының қосымша түрлерін қабылдау мен жеткізуден технологиялық процестерді басқарудағы теориялық және практикалық дағдыларын қалыптастыру. <b>Мазмұны:</b> Әр түрлі ауылшаруашылық құстарының, бал ара мен балықтардың экстерьерін, интерьерін бағалау дағдыларын меңгеру; құстарды, бал ара мен балықтарды азықтандыру, өсіру және күтіп-ұстау дағдысын меңгеру; құстардың, бал ара мен балықтардың тұқымдары және кросстарымен тәжірибелік танысу.	3				v									v
45	Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы және өңдеу технологиясы	БП	ТК	Сүт өндіру ісі	<b>Мақсаты:</b> сүттің құрамы және қасиеттерін зерттеу, әр түрлі ауылшаруашылық малдарынан сүт алудың жолдарын ұйымдастыру. <b>Мазмұны:</b> Сүт өндірісін жоспарлауды білу және түсіну; сүт алудың технологиялық процесін ұйымдастыру, әр түрлі жануарлар сүтінің құрамы мен қасиеттерін зерттеу, сүт өнімділігін есепке алу. Сүт және сүт өнімдерін өндіру технологиясы. Сүтті өңдеу, сақтау, тасымалдау әдістерін, тапсыру шарттарын игеру. Сүт өнімділігі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын іріктеу.	6				v	v		v					
46		БП	ТК	Мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасы	<b>Мақсаты:</b> мал шаруашылығында сапалы өнім өндіру мен оның қауіпсіздігін бақылауды теориялық және тәжірибелік тұрғыда біліп, әртүрлі мал өнімдерін өндіру кезінде сапа талаптарын сақтай отырып, оларға сараптама жұмыстарын жүргізуді үйрену. <b>Мазмұны:</b> Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің негізгі ұғымдарын білу, Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің көрсеткіштерін бағалау; мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау						v	v		v				

					және олардың сараптамасы; Нормативтік талаптар және сапа мен қауіпсіздік бойынша құжаттарды жүргізу; ғылым мен озық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктерін пайдалана отырып бақылау жүйесі.													
47		КП	ЖК	Мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиясы	<b>Мақсаты:</b> жануарлардан алынатын шикізатты қабылдауды, сапасын бақылауды және өңдеуді, сонымен қатар тамақ өндірісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. <b>Мазмұны:</b> Мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу технологиясын, мал шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің сапасын бағалауды білу. ауылшаруашылық өнімдерін сақтау әдістерін, тәсілдері мен режимдерін негіздеу. Өнімді қайта өңдеу технологиясы мен өткізу процестерін білмал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жоспарларын, кестелерін әзірлеу мәселелерін меңгеру.					v	v							
48	Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру және селекциясы	БП	ЖК	Ауылшаруашылық малдарын өсіру және селекция	<b>Мақсаты:</b> зоотехникалық және асыл тұқымды есепке алу негіздерін, асыл тұқымды кәсіпкерліктің негіздерін, меншіктің әр түрлі формасындағы асыл тұқымды шаруашылықтарда ірі қара мал өсіру, қой өсіру, жылқы өсіру және болашаққа арналған асыл тұқымды жұмыстарды жоспарлау. <b>Мазмұны:</b> ауыл шаруашылығы малдарын өсіру және селекцияның негізгі әдістерін білу және түсіну, бағалау, іріктеу және іріктеу принциптері, тұқым құрудың теориялық негіздері, нақты табынның өнімділік сапасын арттыруға бағытталған селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды ұйымдастыру принциптері, алынған нәтижелерін білу және түсіну .	5						v						v
49		БП	ЖК	Ауыл шаруашылығы	<b>Мақсаты:</b> пәнді оқып - үйрену тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік механизмдері,	5				v								v

			жануарлар генетикасы	<p>тұқым қуалаушылықтың материалдық субстраты, қазіргі генетиканың әдістері мен мәселелері, оның адам қызметінің әр түрлі салаларындағы рөлі туралы негізгі білімді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Курстың дамуы студенттердің мұрагерлік заңдылықтары мен белгілердің генетикалық өзгергіштігін, тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясының негіздерін және тірі организмдегі онтогенез процесінің дамуын, мал шаруашылығындағы генетикалық зерттеулердің жынысы мен әдістерін білуге ықпал етеді. Гендік инженерия курсы білу және игеру, организмдердің дамуындағы генетикалық кемшіліктерді мұрагерлік принциптері, хромосомалық анамалияның мұрагерлік себептері, ағзаның жануарлардың жұқпалы ауруларына иммундық тұрақтылығы мәселелері қарастырылады.</p>													
	КП	ЖК	Жануарлар биотехнологиясы	<p><b>Мақсаты:</b> биотехнологияның жалпы мәселелері бойынша теориялық білімдер мен эмбриондарды трансплантациялаудағы практикалық дағдылар мен мал шаруашылығындағы эмбрионинженерлік зерттеулерді игеру болып табылады.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Жануарлар биотехнологиясын дамытудың негізгі бағыттарын, жануарлардың өсімін молайту биотехнологиясын, зертханалық істің негіздерін, селекциялық-генетикалық аспектілерді, биотехнологияның жасушалық негіздерін және мал шаруашылығындағы жасушалық технологияларды, мал шаруашылығындағы эмбрототрансплантацияны білу. Донорлар мен Реципиенттерді аң аулауды синхрондаудың инновациялық технологиясын енгізу бойынша білім, Жануарлар эмбриондарын жуу және гаметалар мен эмбриондарды</p>	4			v			v						

51				криоконсервациялау әдістерін меңгеру.														
	КП	ТК	Жылқы шаруашылығы, қымыз және етін өндіру технологиясы	<p><b>Мақсаты:</b> студенттерді өз мемлекетіміздегі, ТМД және шет елдердегі жылқы шаруашылығының қазіргі жағдайымен, жылқылардың биологиялық және шаруашылыққа пайдалы қасиеттерімен таныстырып, одан әрі жоғары сапалы өнім өндіру үшін тиімді пайдалануды оқып үйрету.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Пән жылқы шаруашылығы және өсірілетін жылқы тұқымдары саласындағы олардың өнімді бағыттары бойынша білім негіздерін зерделейді; шағылыстыру компаниясын ұйымдастыру және жылқы етін өндіру үшін азықтандыру және бордақылау технологиясы, асыл тұқымды жылқыларды дәстүрлі ет өнімдерін дайындау, сондай-ақ жылқы шаруашылығы мен жеке қосалқы шаруашылықтар жағдайында қымыз дайындаудың тағамдық құндылығы мен технологиясы туралы білім.</p>	4			v		v	v							
52	КП	ТК	Спорттық жылқы шаруашылығы	<p><b>Мақсаты:</b> Спорттық бағыттағы жылқыларды өсіру, ұстау - баптау бойынша көмекші жұмыстарды. Жылқылардың белгіленген санын азықтандыру, азықтану, жаю бойынша көмекші жұмыстарды үйрену.</p> <p><b>Мазмұны:</b> спорттық жылқы шаруашылығы, отандық және шетелдік жылқылардың тұқымдары ,олардың шығу тегі туралы білімдерін, Қазақстан жағдайында өсіру мен пайдаланудың жетістіктері мен мүмкіндіктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Жылқылардың арнайы дайындалға тұқымдарының қатысуымен спорттық ойындардың түрлері туралы танымға баулиды; жылқыларды өсіру, ұстау және азықтандыру жағдайлары, жаңа отандық спорттық жылқыларды өсіру, ат спортының дәстүрлі ұлттық түрлерін дамыту мәселелері қарастырылады; жылқыларды бағалау қабілетін білу.</p>								v				v	v	

53	КП	ТК	Ғылыми зерттеу әдістері	<p><b>Мақсаты:</b> студенттерді малшаруашылығы саласындағы ғылыми - зерттеу жұмыстары әдістеріне баулу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Курсты меңгеру мал шаруашылығындағы ғылыми зерттеулер әдістемесі студенттерде ғылыми зерттеулер жүргізу және зоотехникалық эксперименттік жұмыс тәжірибелерін қою негіздері туралы білімді қалыптастырады. Ғылыми зерттеулер әдістемесін құрастыру бойынша дағдыларды игеру және алынған зерттеу материалдарының шынайылық деңгейін есептей отырып, бақылау және тәжірибелік топтардың алынған көрсеткіштерін талдай білу. Ғылыми зерттеулер аяқталғаннан кейін ғылыми есеп жасай білу, тиісті тұжырымдар мен өндірістік ұсыныстар жасау.</p>	4			v	v									v
54	КП	ТК	Мал шаруашылығы өнімдерді өндірудің инновациялық технологиялары	<p><b>Мақсаты:</b> мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің ресурстарды үнемдейтін экологиялық таза технологиялар саласындағы заманауи, ғылыми жетістіктерді және нарықтық жағдайда мал шаруашылығының әр түрлі салаларындағы технологиялық прогресстер туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> біздің елімізде және шетелде мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының жай-күйін, экологиялық таза өнім алу үшін жаңа технологияларды ұтымды пайдалануды, өндірістік шығындарды бағалауды, инновацияның соңғы нәтижелері туралы материалдар алу мүмкіндігін зерттейді. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясын білу, жетілдірілген өнімдердің жаңа нәтижелерін алу. Зерттеу нәтижелерін бағалауды тану және ғылыми зерттеулердің жетістіктерін өндіріске енгізу.</p>			v	v										
55	БП	ЖК	Малды қолдан ұрықтандыру және мал	<p><b>Мақсаты:</b> малдардың көбеюінің анатомиялық физиологиялық негізін оқып-үйрену.</p>	4				v	v								

56			акушерлігі	<p><b>Мазмұны:</b> Жануарларды қолдан ұрықтандыру әдістерін білу, өндірушілерден шәует алу техникасын білу, спермапродукция сапасын бағалау. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұрықтандыру технологиясы бойынша жұмыстарды ұйымдастыра және жүргізе білу, ұрықтандыруды өз бетінше анықтау және жүргізу дағдыларын игеру, алынған нәтижелерді жинау және бағалау, жануарлардың әртүрлі түрлерінің жүктілік процесін анықтау әдістерін білу. Асыл тұқымды компанияның технологиялық картасын зерттеу және патологиялық босану кезінде акушерлік көмек көрсетуді бағалау.</p>													
			Өндірістік практика III	<p><b>Мақсаты:</b> Қойылған міндеттерді жоспарлы және сындарлы шешу, ақпараттық көздерді шолуды талдау, қолданылатын зерттеу әдістемелерін игеру, өндіріс жағдайында жүргізілген ғылыми тәжірибелердің нәтижелерін жинақтай білу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Жануарларды қолдан ұрықтандырудың практикалық дағдыларын меңгеру, техник-ұрықтандырушы дағдыларын меңгеру, ауылшаруашылық малдар мен құстарды есепке алу, малдарды - өнімдік және асыл тұқымдық қасиеттерді, ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау жұмыстарды жүргізу; ауылшаруашылық малдар мен құстарды есепке алу бойынша жұмыстарды жүргізу.</p>	3			v									
57	Өндірісті ұйымдастыру негіздері және мал шаруашылығындағы тәжірибе ісі	БП	ТК	Мал дәрігерлігі негіздері	<p><b>Мақсаты:</b> студенттерге әр түрлі этиологиялы ауылшаруашылық жануарларының ауруларын диагностикалау және емдеу әдістері бойынша теориялық негіздер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру: инфекциялық емес, паразиттік және инфекциялық ауруларды меңгеру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Жануарлардағы патологиялық үдерістер туралы білім, И.И. Мечников, И. М. Сеченов және И. Г. Павлов ілімінің</p>	4		v	v								

58				ауруы мен жарығы туралы түсінік және тірі ағзаның қорғаныш тосқауылдары. Жұқпалы және жұқпалы емес аурулармен күресте Ветеринария ғылымының жетістіктерін және озық тәжірибені білу. Өнеркәсіптік мал шаруашылығындағы қауіпті аурулардың алдын-алу ерекшеліктерін білу және жарақат пен жарақат туралы түсінікке ие болу.															
	БП	ТК	Мал шаруашылығындағы (асылдандыру жұмысы) селекция қызметі	<b>Мақсаты:</b> мал шаруашылығындағы (асылдандыру жұмысы) селекция қызметі курсы студенттердің белгілі бір дәрежеде оның жалпы ықтимал нәтижесін болжауға мүмкіндік беретін селекцияның биологиялық және генетикалық негіздері туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. <b>Мазмұны:</b> Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс барысында материалдарды есепке алудың және асыл тұқымды малдарды сәйкестендірудің мәні мен танымы; асыл тұқымды малдарды таңбалау қағидалары мен техникасы және әр түрлі малдардың өнімділік, өсімін молайту және асыл тұқымдық сапаларын есепке алу әдістері. Зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алу құжаттамасын және зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алудың қолданыстағы нысандарын жүргізу тәртібін, сондай-ақ жануарларды бағалау жөніндегі нұсқаулықты білу. Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің қазіргі заманғы технологиялық процестеріне қатысу және жұмыс істей білу және асыл тұқымды іс жүргізу.							v								v
59	КП	ТК	Фермер шаруашылығы негіздері	<b>Мақсаты:</b> ауыл шаруашылығын және биологияның заманауи мәліметтерін ұштастыра отырып ҚР алдыңғы қатарлы фермер шаруашылығының жетістіктерімен таныстыру. Студенттерге ауыл шаруашылығын ғылыммен ұштастыра отырып тәжірибелік және де теориялық білім беру.	4														v



60				<p><b>Мазмұны:</b> Фермер шаруашылығының мәнін, оның өндірістік функцияларын, құрамын, өнім өндірісінің түрлері мен бағытын білу және түсіну, фермер қожалығын экономикалық реттеуді ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізу, Қазақстанда және шетелде фермер ісінің дамуын білу және талдау, өнімнің көлемі мен оны ұлғайту перспективалары. Қазіргі заманғы фермерлік шаруашылықтардың рентабельділігін оңтайландыру және арттыру, республиканың алдыңғы қатарлы фермерлік шаруашылықтарын жүргізу тәжірибесі, өндірістік қызметті экономикалық бағалау, фермерлік шаруашылықтардың құрылымдары мен функцияларын жетілдіру мүмкіндіктері жөніндегі дағдыларды дамыту.</p>															
	КП	ТК	Кәсіпкерлік іс-қызметі негіздері	<p><b>Мақсаты:</b> осы экономикалық ғылым саласындағы теоретикалық зерттеулерді ескере отырып кәсіпкерліктің механизмі ашылады.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Агробизнесінің қалыптасуы мен дамуының теориясы мен практикасын, агробизнесінің ұйымдық-құқықтық негіздерін экономикадағы нарықтық реформалардың ажырамас бөлігі ретінде білу және түсіну. Кәсіпкерлікті дамыту тарихын, ҚР АӨК және агроөнеркәсіптік кешеніндегі кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандарын, кәсіпкерлік қызметті дамыту перспективаларын және бизнес-жоспарлау, маркетинг, лизинг, агросақтандыру, АӨК кәсіпорындарының шаруашылық қызметінің тиімділігін бағалау мәселелерін зерделеу.</p>							v								v
61	БП	ЖК	Зоогигиена және мал объектілерін жобалау негіздері	<p><b>Мақсаты:</b> сыртқы орта факторларын және олардың жануарлар организмдерімен байланысын зерттеу. Әр түрлі жыныстық және жас топтарының ерекшеліктері, күтімі, тамақтануы. Жануарлардың физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келетін оңтайлы</p>	6					v									

				жағдайлар жасау және өнімділікті арттыру, өнімнің сапасын жақсарту, сонымен қатар аурулардың алдын алу. <b>Мазмұны:</b> негізгі санитарлық-гигиеналық талаптарды білу: Мал шаруашылығы үй-жайлары мен кәсіпорындарына; топырақ құрамына және оны санитарлық қорғауға; ауыл шаруашылығы жануарларын азықтандыруға және азықтандыруға. Су құрамына, сумен жабдықтау жағдайларына, ауылшаруашылық жануарларын суаруға қойылатын негізгі санитарлық-гигиеналық талаптарды игеру. Жазғы кезеңде ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау бойынша зоогигиеналық нормалар мен талаптарды білу.																		
62	Мал және құс шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	КП	ТК	Құс шаруашылығы, құс өнімдерін өндіру технологиясы	<b>Мақсаты:</b> әрбір студент пәнді оқу кезінде құс шаруашылығының біздің және шет мемлекеттегі жағдайымен танысып құстың биологиялық және шаруашылық ерекшеліктері оларды экологиялық таза өнім өндіру үшін аз шығын жұмсай отырып тиімді пайдалану. <b>Мазмұны:</b> Құс өнімдерін өндіру және дайындау технологиясын білу және түсіну, өнімділіктің әртүрлі бағыттарындағы құстың өнімді-биологиялық, сыртқы-Конституциялық ерекшеліктері. Инкубация процестерін, диеталық жұмыртқалар мен бройлер, қаздар, үйректер, Күркетауықтар мен бөденелердің етін өндіру технологиясын білу. Үй құстарының барлық түрлерін толық тамақтандыру және ұстау жағдайларының ерекшеліктері; сапаны бағалау үшін қолданылатын зертханалық талдау әдістерін және көлемнің ұлғаюы мен сапасын жақсарту, сондай-ақ құс шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын төмендету мәселелерін білу.	4														v	v	v
63		КП	ТК	Құс өсіру	<b>Мақсаты:</b> Құсөсірудегі генетикалық зоотехникалық әдістердің негіздері, жұмыртқа және етті бағыттағы құстарды															v	v	v

64				өсіру технологиясы туралы теориялық және практикалық білім беру. <b>Мазмұны:</b> құс өнімдерін өндіру мен өңдеудің және оларды басқарудың озық технологияларын білу; өндірістегі құстарды азықтандыру және асылдандыру жұмыстары оңтайлы және үнемді; құстардың түрлері, тұқымдары, сызықтары мен кресттері; құс өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау; қалдықсыз өндіріс технологиясы, тыңайтқыштарға, сондай-ақ биоотынға арналған көнді жою және өңдеу әдістері.														
	КП	ТК	Қой шаруашылығы, қой етін, жүнін өндіру технологиясы	<b>Мақсаты:</b> студенттерге қойлардың экстерьерлік конституционалдық және интерьерлік ерекшеліктері, олардың өнімділігі (жүн, ет, қаракөл елтірісі, тондық және мехтық тері, сүт және құйрық майы), әртүрлі өнім бағытындағы қой тұқымдары, асылдандыру жұмыстары, қой отарларының толықтыру жұмыстарының зоотехникалық негіздері мен жүн және еті, қаракөл елтірілерін өндіру технологиясы жайлы толық құнды білім беру болып табылады. <b>Мазмұны:</b> Қойдың шығу тегі, шаруашылық-биологиялық ерекшеліктері, Конституциясы, экстерьері мен интерьері; қой шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы: жүн, қой еті, сүт, смушка, қой терісі; қойдың тұқымдық ерекшеліктері. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау әдістерін, табынның өсімін молайту және қойларды бағалау негіздерін меңгеру.	5									v	v	v		
65	КП	ТК	Қой шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстары	<b>Мақсаты:</b> қой шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстарын, тұқымының таралуы мен өсіп - жетілу заңдылықтарын, олардың өндірістік топтарын, жақсарту жолдары мен тәсілдерін, өсу мен дамуын, абсолюттік және салыстырмалы өсу көрсеткіштерін, қойды сұрыптау мен жұптануды, асылдандырудың кешенді жүйесін ұйымдастыруды және жоспарлауды									v		v	v		

66				үйреніп білу. <b>Мазмұны:</b> Тұқымдастармен, сызықтармен, табындармен және тұқымдармен асылдандыру жұмысын ұйымдастыруды білу. Асыл тұқымдық іс туралы түсінік жануарлардың өнімділігі мен асыл тұқымдық қасиеттерін жақсартуға бағытталған зоотехникалық, селекциялық-генетикалық және ұйымдастырушылық іс-шаралардың тұтас жүйесі ретінде. Қазіргі кезеңдегі қой шаруашылығының даму ерекшеліктерін және тұқым құру процесінде асыл тұқымды жұмыстың рөлін білу.														
	КП	ТК	Ірі қара шаруашылығы, сүт пен ет өндіру технологиясы	<b>Мақсаты:</b> студенттерді өз мемлекетімізбен шет мемлекеттердегі ірі қара шаруашылығының жағдайымен, ірі қараның биологиялық және шаруашылықтық ерекшеліктерімен таныстырып, одан аз шығын шығарып, экологиялық таза өнім алу үшін ұтымды пайдалануды үйрету. <b>Мазмұны:</b> Халық шаруашылығында мал шаруашылығы саласының дамуын білу. Малдың өсуі мен даму заңдылықтарын, ірі қара мал тұқымдары өнімділігінің ерекшеліктері мен бағыттарын зерделеу; ет және сүт өндіру технологиясы; жұмыс жүргізе білу: зоотехникалық есепке алу және сүт және ет өнімділігін жоспарлау, жыныстық-жас топтарын ескере отырып, малды азықтандыру және ұстау технологиясы, сондай-ақ жануарлардың сүт және ет көрсеткіштерін сапалы бағалау және малды бағалау.	4									v	v	v		
67	КП	ТК	Сүтті бағыттағы ірі қара малын өсіру технологиясы	<b>Мақсаты:</b> сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру және олардан жоғары өнім алу жолдары туралы білім беру. <b>Мазмұны:</b> Халық шаруашылығында сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы саласының дамуын білу. Малдың өсуі мен даму заңдылықтарын, сүт өнімділігінің, ірі қара мал тұқымының ерекшеліктерін зерттеу; сүт өндіру технологиясы;									v	v	v			

68				зоотехникалық есеп жүргізу және сүт өнімділігін жоспарлау, жыныс - жас топтарын ескере отырып, малды азықтандыру және ұстау технологиясы; малдың сүт көрсеткіштерін бағалау, ірі қара малдың сүт бағытын бағалау.														
	КП	ТК	Түйе шаруашылығы, шұбат, ет, жүн өндіру технологиясы	<b>Мақсаты:</b> ТМД және шет елдердегі түйе шаруашылығының қазіргі жағдайымен, түйе түрлерімен, тұқымдарымен, биологиялық ерекшеліктерімен оқып үйрену. <b>Мазмұны:</b> түйелердің сыртқы, ішкі пішіні мен биологиялық ерекшеліктерін білу; түйелердің түрлері, тұқымдары және ерекше буданы; түйелердің тұқымы; түйелерді өсіру және өсіру; жұмыс сапалары және түйелерді пайдалану; түйелердің ет өнімділігі; түйе сүтін өндіру. Түйелердің жүн өнімділігі; түйелерді азықтандыру мен ұстаудың негіздерін; жас түйелерді азықтандыру; түйе шаруашылығындағы селекциялық-асылдандыру жұмыстары; мемлекеттік түйе өсіру қызметі; түйе шаруашылығындағы селекциялық жетістіктер. өнімді тұқымды түйелерін өсіру бойынша фермерлік шаруашылықтарды ұйымдастыруды білу.	4				✓	✓	✓	✓						
69	КП	ТК	Сүтті бағыттағы түйелерді өсіру.	<b>Мақсаты:</b> сүт бағытындағы түйелердің түрлері мен тұқымдарын және олардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу; өсімін молайту және өсіру; түйе сүті мен шұбат өндіру технологияларын меңгеру. <b>Мазмұны:</b> Сүтті бағыттағы түйелердің сыртқы, ішкі пішіні мен биологиялық ерекшеліктерін білу; сүтті бағыттағы түйелердің түрлері, тұқымдары және буданы; сүтті бағыттағы түйелерді пайдалану. Сүтті бағыттағы түйелерді өсіру, азықтандыру мен ұстау негіздерін; түйелерден сүт өндіруді, түйелердің сүт өнімділігін; шұбаттың қоректік құндылықтары мен медициналық маңызын, сүтті бағыттағы түйелердің асылдандыру жұмыстарын; асыл тұқымды шаруашылықтарда ғылыми-эксперименттік										✓	✓	✓		

70				тәжірибелерді жоспарлау; асыл тұқымдық жұмыстардан алынған нәтижелерін білікті бағалау, отандық селекцияның өнімді тұқымды түйелерін өсіру бойынша фермерлік шаруашылықтарды ұйымдастыру.														
			Өндірістік практика IV	<b>Мақсаты:</b> мал шаруашылығы өнімдерін өндіру саласында менеджер-технолог жұмысының практикалық дағдыларын меңгеру. <b>Мазмұны:</b> Ауыл шаруашылығы жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша мал шаруашылығының менеджер – технологы жұмысының практикалық дағдыларын меңгеру; селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу; ауылшаруашылық малдарды, құстарды, балықтарды, араларды есепке алу бойынша жұмыстарды жүргізу.	2							v					v	
71	Жаңа кәсіби құзіреттіліктерді алу модулі	БП	ТК	Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндер	<b>Мақсаты:</b> Жаңа кәсіби құзіреттіліктерді меңгеру. <b>Мазмұны:</b> Оқытудың қосымша бағдарламасы Minor (Минор)– пәндермен модульдар жиынтығынан және басқада оқу жұмыстарының түрлерін қамтитын білімалушыларға қосымша құзіреттіліктер беру үшін қамтылған шара.	12		v		v		v						
72	Қорытынды аттестация модулі			Диплом алды немесе өндірістік практика	<b>Мақсаты:</b> базалық кәсіпорынның өндірістік қызметі туралы материалдар, диплом жұмысының тақырыбы бойынша материалдар жинау. <b>Мазмұны:</b> Дипломдық жұмыс нысанының, өндірістік саланың, сонымен қатар, қолданылатын құрал-жабдықтың (қуатты, жабдықтың өнімділігі, жұмыс істеу принципі, жабдықтың осы немесе басқа түрінің артықшылығы) қызметінің сипаттамасы; ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, ғылыми-шаруашылық тәжірибелерде тәжірибелік жұмыстар әдістерін қолдану.	10		v	v				v					v

73				<p>Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту, оларды қолдану мал шаруашылығы саласындағы нақты міндеттерді шешу.  <b>Мазмұны:</b> Талдау мәселесі, қабылданатын шешімдердің өзектілігі мен жаңалығын негіздеу. Дипломдық жұмыстың тақырыбы бойынша аналитикалық шолу жүргізу, өз зерттеулерінің әдістемесі мен нәтижелерін баяндау; зерттелетін нысанның экологиялық қауіпсіздік шараларын, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі техникасын сипаттау, қорытындылар мен қорытынды жасау; сонымен қатар, өндірістің ұсыныстары. Қабылданатын техникалық шешімдердің тиімділігін негіздеу және дәлелдеу.</p>	8			v			v			v	v	
----	--	--	--	--	---	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	---	--

**5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ ИГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ КӨЛЕМІН  
КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ**

Оқу курсы	Семестр	Игерілетін модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны			Кредиттер саны KZ					Сағат бойынша барлығы	Кредиттер жиыны KZ	Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқыту	Дене шынықтыру	Оқуіс- тәжірибесі	Өндірістікіс- тәжірибежәне диплом алдындағы іс- тәжірибе	Қорытынды аттестаттау			емтихан	диф. сынақ
1	1	3	5	-	2	28	2				900	30	6	1
	2	3	3	2	2	27	2	1			900	30	5	3
2	3	5	2	2	3	28	2				900	30	5	2
	4	4	3	3	1	24	2		4		900	30	6	2
3	5	4	-	3	3	27			3		900	30	6	1
	6	4	-		3	27			3		900	30	4	1
4	7	3	-	2	2	19			2		630	21	4	1
	8	4	-	-	5	21	-				630	21	5	
	9	1							10	8	540	18		1
<b>Барлығы</b>			13	12	20	201	8	1	22	8	7200	240	41	12



## 6. ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

<p><b>Оқыту стратегиясы</b></p>	<p>Студентке орталықтанған оқыту: білім алушы-оқыту/оқыту орталығы және оқу процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы. Тәжірибеге бағытталған оқыту: практикалық дағдыларды дамытуға бағдарлау.</p>
<p><b>Оқыту әдістері</b></p>	<p>Дәрістер, семинарлар, түрлі практикалар өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• инновациялық технологияларды қолдану;</li> <li>• проблемалық оқыту;</li> <li>• кейс-стади;</li> <li>• топта және креативті топта жұмыс істеу;</li> <li>• пікірталастар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, олимпиадалар, викториналар;</li> <li>• рефлексия, жобалар, бенчмаркинг әдістері;</li> <li>• Блум таксономиясы;</li> <li>• презентациялар;</li> <li>• ақпараттық дереккөздерді ұтымды және креативті пайдалану</li> <li>• мультимедиялық оқыту бағдарламалары;</li> <li>• электрондық оқулықтар;</li> <li>• сандық ресурстар.</li> </ul> <p>Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке кеңес беру.</p>
<p><b>Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</b></p>	<p><b>Ағымдағы бақылау</b> пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес).</p> <p><b>Бағалау формалары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• сабақтардағы сұрау;</li> <li>• оқу пәні бойынша тестілеу;</li> <li>• бақылау жұмыстары;</li> <li>• өзіндік шығарамышылық жұмысты қорғау;</li> <li>• дискуссиялар;</li> <li>• тренингтер;</li> <li>• коллоквиумдар;</li> <li>• эссе жазу т.б</li> </ul> <p><b>Аралық бақылау</b> бір оқу пәні бойынша тек бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес өткізіледі.</p> <p><b>Аралық аттестация</b> академиялық күнтізбеге сәйкес, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.</p> <p><b>Өткізу формалары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тестілеу формасындағы емтихандар;</li> <li>• ауызша емтихандар;</li> <li>• жазбаша емтихандар;</li> <li>• комбинирленген емтихандар;</li> <li>• жобаларды қорғау;</li> <li>• тәжірибе бойынша есептерді қабылдау.</li> </ul> <p><b>Қорытынды мемлекеттік аттестациялау</b></p>

## 7. БББОҚУ-РЕСУРСТЫҚҚАМТАМАСЫЗЕТУ

<p><b>Ақпараттық ресурстық орталық</b></p>	<p>Ақпараттық білім беру орталығының құрамына 6 абонемент, 16 оқу залдары, 2 электрондық ресурстық орталықтар (ЭРЦ) енеді. АББО желілік инфрақұрылымының негізін Интернет жүйесіне қосылған 180 компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 видеодвойка, 1 видеоконференция байланыс жүйесі, А-4 форматты 3 сканер, АКАЖ «ИРБИС-64» (6 модулді базалық комплектілі) MS Windows бағдарламалы қамтамасыз етілген автономды сервер құрайды.</p> <p>Кітапхана қоры аптасына 7 күн 24 сағат бойы on-line режимде <a href="http://lib.ukgu.kz">http://lib.ukgu.kz</a>сайтында пайдаланушыларға қолжетімді электронды каталогта көрсетілген.</p> <p>Өзіндік: «Almamater», «ОҚУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат» тақырыптық деректер қоры жасалған. Онлайн 24/7 режимде <a href="http://articles.ukgu.kz/ru/pps">http://articles.ukgu.kz/ru/pps</a> сілтемесі арқылы кез келген құрылғыдан қолжетімді.</p> <p>Каталогтар электронды түрде өңделеді. ЭК 9 деректер қорынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «ОҚУ профессорлық-оқытушы құрамының еңбектері», «Сирек кездесетін кітаптар», «Электрондық қор», «ОҚУ баспада», «Оқырмандар» және «ОҚО».</p> <p>АББО өз пайдаланушыларына электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын: каталогтар залындағы және АББО бөлімдерінің «Электронды каталог» терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі; қашықтық режимде кітапхананың <a href="http://lib.ukgu.kz">http://lib.ukgu.kz</a>/web-сайты арқылы ұсынады.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға қолжетімді: «SpringerLink», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф», ашық қолжетімді ғылыми журналдардың электронды нұсқаларына, «Зан», «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана РМЭБ», «Әдебиет», Цифрлы кітапхана "Aknurpress", «Smart-kitap», «Kitap.kz» және т.б.</p> <p>АББО ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін, кітапхана сайты нашар көретін пайдаланушылардың жұмысына бейімделген.</p>
<p><b>Материалдық-техникалық база</b></p>	<p>М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің Түлкібас ауданы Жас кешу ауылында орналасқан «Агроөнеркәсіптік» кешенінде, 6B08210- «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасының білім алушыларына - мал шаруашылығымен танысу үшін, малшаруашылығында іс тәжірибеден өтуге арналған, ауыл шаруашылық жануарлары: жылқы, ірі қара және қой өсіріледі. Ауылшаруашылық жануарлары өсірілетін қора жайлардан басқа мұнда білім алушыларға дәріс, практикалық, зертханалық сабақтар өтуге арналған аудиториялар, зертханалар бар. Онда білім алушылар осы мал түрлерін күтіп баптау, бордақылау, өсіру, көбейту үшін істелетін іс шараларға, мал азықтандыру, күтіп бағу, қолдан ұрықтандыру тағы басқа жұмыстармен іс жүзінде танысып, өздері тікелей қатысады.</p>

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

6B08210 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы

АкМЖД директоры \_\_\_\_\_А.С.Науқенова

АҒД директоры \_\_\_\_\_Ұ.Б.Назарбек

КжКД директоры \_\_\_\_\_Т.С.Бажиров

